

## Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының салымдарына өтем жасау туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 27 желтоқсан N 1384

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының салымдарына өтем жасау туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

## Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы азаматтарының салымдарына өтем жасау туралы

Қазақстан Республикасы азаматтарының "Қазақстан Халық Банкі" ашық акционерлік қоғамында қолданыстағы шоттарда сақтаулы бұрынғы КСРО Қазақ республикалық жинақ банкіндегі салымдарының қалдықтарына өтем жасау мақсатында  
қ а у л ы    е т е м і н :

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы азаматтарының "Қазақстан Халық Банкі" ашық акционерлік қоғамында қолданыстағы шоттарда сақтаулы бұрынғы КСРО Қазақ республикалық жинақ банкіндегі салымдарына өтем жасауды жүргізсін. Өтем жасауға 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы азаматтары салымдарының қалдықтары жатады.

2. Өтем жасау КСРО Қазақ республикалық жинақ банкіндегі салымдар қалдықтары бойынша мемлекеттік ішкі қарызды:

1) мұраға қалған салымдарды ескере отырып, 1936 жылдан бастап 1940 жыл қоса есептелетін аралықта туылған азаматтардың салымдарын өтеу сомасына айналым мерзімі бір жылдық;

2) мұраға қалған салымдарды ескере отырып, 1941 жылдан бастап 1960 жыл қоса есептелетін аралықта туылған азаматтардың салымдарын өтеу сомасына айналым мерзімі екі жылдық;

3) мұраға қалған салымдарды ескере отырып, 1961 жылдан бастап 1991 жыл қоса есептелетін аралықта туылған азаматтардың салымдарын өтеу сомасына айналым мерзімі үш жылдық мемлекеттік арнайы өтемақылық қазынашылық облигацияларға қайта ресімдеу арқылы жүргізілсін.

3 .    М ы н а л а р ғ а :

1) Қазақстан Республикасы Президентінің "Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен

қатысушыларының Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкідегі салымдарына өтем жасау туралы" 1996 жылғы 9 сәуірдегі N 2941 Жарлығына ;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкіде 1996 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 60 жасқа жеткен азаматтардың салымдарына өтем жасау туралы" 1996 жылғы 20 мамырдағы N 2988 Жарлығына сәйкес өтем жасалған салымдар өтеуге жатпайды.

4. Өтеу сомасын есептеу 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салымдардың қалдықтарын кейіннен өтеу сомасын мемлекеттік арнайы өтемақылық қазынашылық облигациялар шығарылған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша теңгемен ескеріп, 1992 жылғы 3 қаңтардағы биржалық бағаммен долларлық эквивалентке қайта есептеу арқылы жүргізілсін.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі тиісті жылдарға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы азаматтарының салымдарына өтем жасауға байланысты шығыстарды көздерін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*